

Егемен Қазақстан

Egemen.kz

Талант Мауқанұлы: Қазақстан секілді асқақ Отаны бар біз бақыттымыз!

Түркітілдес халықтардың тамыры бір болғанымен тілдік ерекшеліктері әр түрлі. Осы саланы жан-жақты зерттеп жүрген ғалымдар аз емес. Солардың бірі – Вашингтон университетінің профессоры, қандасымыз Талант Мауқанұлы. Бұл кісі түркі тілдері лингвистикасы мен мәдени антропология саласының маманы. Жақында сонау Америкадан атажұртына сапарлап келген ғалыммен кездесіп, өзі зерттеген бағыт бойынша біраз әңгіме өрбіттік.



- Талант Мауқанұлы, елордаға қош келдіңіз, әңгімемізді өскен ортаңыздан бастасақ...**
- Рахмет! Мен Қытайдағы Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданының орталығы Үрімжі қаласында өмірге келдім. Мектеп жасына келгенде қазақ мектептері жабылып, орта білімді қытай тілінде алдым. Одан кейін Үрімжідегі Шыңжаң университетінің шетел тілдері факультетінің ағылшын тілі бөліміне түстім. Осында ағылшынмен бірге жапон, орыс тілдерін меңгердім. Әкемнің мамандығы журналист, ұзақ жылдар Үрімжідегі «Халық» баспасында еңбек етті. Ол кісі негізі қазіргі Абай облысының Ақсuat ауданында туған. Отызыншы жылдардағы зобалаң кезінде, бір жасында ата-анасымен бірге Қытай жеріне ауып барған. Жалпы, жас күнімнен түркология, оның ішінде түркітілдес халықтар тарихына қатты қызықтым. Жоғары оқу орнын бітірген соң «Халық» баспасының «Сөздік» бөлімінде екі жыл жұмыс істеп, Шыңжаң университетінің қытай тілдері факультетінің аспирантурасына қабылданып, қытайдағы түркітілдес халықтардың тарихы мен тілдік ерекшеліктерін зерттеуді қолға алдым. Түркітілдес халықтар

мекендердеген өңірлерді аралап, зерттеу жүргіздім. Сонда көптеген ерекшелікті байқадым. Оның ғылыми еңбегіме көп әсері тиді. Сөйтіп, «Қытайдағы түркі халықтары тілдерінің салыстырмалы фонологиясы» атты кандидаттық диссертациямды сәтті қорғап шықтым. Бірақ онымен тоқтап қалғым келмеді. Докторантурада оқысам деп алдымға мақсат қойдым. Бір жағынан, докторлығымды осында қорғасам деген ойым болды, бірақ ол кезде Қазақстан тәуелсіздігін алған жоқ еді. Сондықтан мұхит асуға тұра келді. АҚШ-тың Оңтүстік Калифорния университеті тарих факультеті докторантурасының грантын ұтып алдым. Негізі, мен Америкаға әлемдегі ең үлкен жоғары оқу орындарының бірі – Индиана университетін көзделеп келдім. Әйткені бұл оқу орны – дүние жүзіндегі түркология ғылымының бірегей орталығы саналады. Онда атақты түркітанушы ғалымдар қызмет істейді. Алайда бұған бірден келуге мүмкіндігім болмаса да, бір жылдан соң өз қалауыммен осы Блумингтон қаласындағы Индиана университетіндегі Еуразиятану факультетінің докторантурасына түстім. 1999 жылы «Жоңғар-Тыва тілін фонологиялық және морфологиялық талдау» тақырыбында докторлығымды қорғадым.

- Бұл тілді таңдауызыңға не себеп болды?

– Шынымды айтсам, докторлық диссертациямды таңдау барысында өзім екі тақырыпқа қызықтым (Америкада тақырыпты өзіміз таңдаймыз): біріншісі – «Қытайдағы қазақтардың тілдік қолданыстары» деп аталды. Бұл тақырып жаңыма жақын болғандықтан біраз зерттедім. Бірақ оның ептер саясатқа қатысы барын ескеріп, жоңғар-тыва тілдерінің тарихына үңілуді жөн көрдім. Түркітілдес халықтары арасында тыва тілі маған ерекше әсер етті. Неге дейсіз ғой, Әйткені онда көне түркі тілінің элементтері көбірек сақталған. Түркі нәсілінің бір бұтағы саналатын тыва халқының көрмегені жоқ. Небір зұлматты басынан кешірген. Олардың діні бөлек болғанымен, тамырымыз, тіліміз бір екені аян. Бұгінде тыва халқының саны аз, олардың біразы Қытай мен Монголияны мекендесе, негізгі бөлігі Ресейде орналасқан.

- Жалпы, өзіңіз қызмет істеген жоғары оқу орындарындағы студенттер мен магистранттардың түркі халықтарының тіліне қызығушылығы қандай?

– Қызығушылық дейсіз бе?! Бір мысал келтірейін. Докторлығымды қорғаған соң Уисконсин-Мадисон университетінде бір-екі жыл студенттер мен магистранттар және докторанттарға қазақ тілі мен Орталық Азияны мекендердеген ұлттардың тілі мен мәдениеті пәнінен сабак бердім. Сонда олардың қазақ тіліне ғана емес, жалпы түркі халықтарының тілдеріне зор қызығушылық танытқанын көрдім. Одан кейін осы оқу орнында «Түркітілдес халықтар тілдерін онлайн оқыту жүйесін» жасап, қазақ және өзбек тілдерін үйретудің әдістемесін әзірледім. Осы тарапта Қазақстан мен Өзбекстандағы тілші ғалымдардан онлайн арқылы жанды сұхбат алып, тығыз байланыс орнатып,

нәтижесінде, шәкірттерім қазақ және өзбек тілдерін тез меңгеріп алды. Бұдан соң мені Индиана университетіне қызметке шақырды. Осында да «Түркі халықтары тілдерін екінші тіл ретінде оқыту» атты ауқымды жобаны қолға алдым. Бұл бағытта студенттер мен магистранттар және докторанттарға дәріс оқи жүріп, қазақ және үйғыр тілдерінің оқулығын жаздым. Жалпы, Америкада гуманитарлық салада жұмыс істей өте қыын.

- Не себепті?

– Өйткені бәсеке күшті. Кілең өз саласының шашасына шаң тимес жүйріктері жиналған. Сондықтан үнемі ізденісте болмасаңыз, көш соңында қаласыз. 2008 жылы конкурстан өтіп, Вашингтон университетіне қызметке алындым. Бұл менің өміріме ғана емес, ғылыми еңбегіме де тыныс берді. Қазір осындағы Таю Шығыс тілдері және мәдениеті факультетіндегі Түркі және Орталық Еуразия зерттеулер орталығының басшысымын. Бұған дейін осы оқу орнында өзбек тілі мен мәдениетін оқыту басым болған, қазақ және басқа түркі тілдерінің онша маңызы болмапты. Содан оқу бағдарламасына өзгеріс енгізіп, жаңадан оқу жүйесін құрдым. Одан қазақ тілін жылдам меңгеру үшін оны орташа және жоғары деңгейге бөлдім. Жүйелі қазақ тілін онлайн оқытын сабак бағдарламасын жасадық. Сонымен қатар қазақ, үйғыр, өзбек, қырғыз мәдениетін оқытууды бір ізге түсірдім. Бүгінде Вашингтон университетінде қазақ тілін оқытуудың сапасы артып, қазақша оқытын магистранттар мен докторанттардың саны өсті. Олардың арасында Қазақстаннан келген жастар да кездеседі. Айтпақшы, Америкада қазақ тілінің фонологиясын, грамматикасын зерттеп, диссертация қорғаған ғалымдар бар екенін айтуда болады. Олардың дені қазақ тілін оқып үйренген. Кейбіреулері Қазақстанға келіп, бір жыл тұрып, тілді меңгеріп алған.

- Танымал түркітанушы Алтай Аманжолов «Көне түркі жазбаларын оқу үшін адам бүкіл өмірін арнауы керек» дегі. Сіз енді түркологсіз, көне түркі тілін үйрену өте қыын ба?

– Эрине, қыын. Сіз айтып отырған Алтай ағаны жақсы білемін. Қазақстанға келгенде ол кісімен кездесіп, кең отырып әңгімелескем. Ғылыми еңбектерімен де жақын таныспын. Шынында, түркология – өте күрделі ғылым. Ол үшін көне түркі тілі мен көне үйғыр және шағатай тілін жетік білу керек. Әйтпесе, екі қолы байлаулы адамның күйін кешесің. Сондай-ақ түркі халықтарының тарихы мен мәдениетін де білуіңіз қажет. Көне тілдерді үйрену оңай емес, оған уақыт қана емес, біраз күш керек. Марқұм Алтай Аманжоловтың айтқаны өте орынды.

Қазір Батыс пен Америкада түркология ғылымының дамуы әлсіреп барады. Өйткені осы саланы оқыған магистранттар мен докторанттардың өз мамандығымен жұмыс табуы қыын. Сол себепті түркология ғылымы бірнеше түрге бөлінді. Мысалы, мен өзімді түрколог дегеніммен, негізі мамандығым – әлеуметтік лингвист және мәдени антрополог.

- Мәдени антрополог дегеніміз не?

- Жұртшылық көбінese антропология адамның тегі мен дамуын, дene құрылышын зерттейтін ғылым деп түсінеді. Негізі солай. Бірақ уақыт ағымына сай бұл ғылым түрі өзгерген. Америкада антропология ғылымы бірнеше бөлімнен тұрады. Мәселен, мәдени антропология, медициналық антропология деп те айтады. Мен - әлеуметтік антропологияпін. Біздің міндетіміз - бір халықтың мәдениеті мен тілін зерттеу. Осы бағытта көптеген жобаны іске асырып жүрмін.

Мысалы, адамзат қоғамының дамуына тың серпін берген Ұлы Жібек жолын көзіқарақты қауым жақсы біледі. Осы керуен жолының бойында орналасқан халықтардың мәдениеті, тілі, әлеуметтік-саяси жағдайы әлі толық зерттелген жоқ. Айталық, сол дәуірде соғды дейтін саудасаттықпен айналысқан халық болған. Бүгінде олар жер бетінен жойылып кеткен. Бірақ тілінің сарқыншақтары Өзбекстанда сақталған деп естімін. Сондай-ақ Ұлы Жібек жолы бойында қоныс тепкен халықтардың музыкалық мәдениеті де жоғары деңгейде дамыған. Қазір солардың қолданған музыкалық аспаптарының тарихынан сабақ беремін. Сонда көптеген қызық дерекке тап болдым. Мәселен, орыстардың балалайкасы татарлардың музыкалық аспабы деген пікір бар. Сонымен бірге көшпелілер мен отырықшы халықтардың музыкалық аспаптары да бір-біріне мүлде үқсамайды. Өйткені көшпелілер үнемі далада көшіп жүргендіктен олардың аспаптары қолға ұстауға жеңіл, ықшам келеді. Ал отырықшы жүрттың аспабы ауыр, оны оңай көтере алмайсыз.

- Қазақтың тарихы туралы көне деректердің дені шағатай тілінде жазылған. Ал оны оқитын мамандар тапшы, осы көне тіл туралы не айтасыз?

- Кеңестік кезеңде Орталық Азияны мекендерген халықтарды отырықшы және көшпелілер деп екіге бөлді. Қазақ халқы көшпелі болғандықтан бізде ауыз әдебиеті өте жақсы дамыды. Ал жазба әдебиетін Абай атамыздан бастаймыз. Осы пікір кейде мені ойландырады.

Шағатай тілі XIII-XIX ғасырлар аралығында қолданылды. Тіпті әріге бармай-ақ XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ хандары мен сұлтандары Ресей мен Цин империясына жолдаған хаттарын шағатай тілінде жазған. Бір тарихшылар оны «көне қазақ тілі» десе, мен «Қазақ даласындағы шағатай тілі» деп жазып жүрмін. Қазақ тілі тарихында көне түркі тілі мен ортақ түркі тілі туралы айта келеміз де, бірден қазіргі қазақ тіліне бір-ақ секіреміз. Ал екі ортада бір бос кеңістік қалып қойды. Оны қалай толтырамыз, ол үшін тың зерттеулер қажет.

Ақиқатында, Қазақстанда кеңес заманында шағатай тілін білетін ғалымдар болған жоқ. Тіпті осы салаға маман да даярланбады. Бұл жағынан келгенде, Өзбекстан мен Татарстан басқалардан көш ілгері

болды. Оларда шағатай тілін оқитын ғалымдардың іргелі мектебі қалыптасты.

- Сонда шағатай тілі Орталық Азия көлеміне ортақ болды ма?

- Мысалы, арабтың жазба тілі араб тілінде сөйлейтін халықтарға бірдей болғанымен, оның айырмашылықтары бар. Сол секілді шағатай тілінің қыпшақ тіліне тән ерекшелігі бар дер едім. Көне түркі тілдерінің өзі бірнеше түрге бөлінеді. Айталық, оғыз тілдеріне түрік, түркімен және әзербайжан тілдері енсе, қарлұқ тілдеріне өзбек, үйғыр тілдері жатады. Ал қыпшақ тілдеріне қазақ, қырғыз, татар, башқұрт тілдері кіреді. Сонымен бірге қыпшақ тілінің Мысырдағы мәмлүк қыпшақтардың тілімен де ұқсастықтары бар екенін ғалымдар дәлелдеді. Менің атажұртқа келгендері бір мақсатым – қазақстандық тілші ғалымдармен шағатай тілін бірлесіп зерттеу.

- Қазақстан тарихшыларымен бір жобаны қолға алышыз, соған тоқталсаңыз?

- Қытайдың көне мұрағаттарында қазақ хандары мен сұлтандарының XVIII-XIX ғасырларда Цин патшалығына жазған хаттары сақталған. Қазір осы тарапта Халықаралық Түркі академиясының қызыметкері, белгілі ғалым Бақыт Еженханұлы мен Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры Дүйсенәлі Әбділәшімұлы секілді ғалымдармен бірлесіп, осы хаттарды қайта сараптап, оның мазмұны мен тілдік құрылымын зерттеуді бастадық. Қазақ хандары мен сұлтандарының хаттары туралы жұртшылық жақсы хабардар. Оларды көбінесе тарихшылар аударып, халыққа жеткізді.

Алайда кейбір ғалымдар шағатай тілін білмегендіктен Ресей архивіндегі хаттардың орысша нұсқасын ғана аударды. Шынтуайтына келгенде, бұл хаттардың түпнұсқасы мен аудармасында біраз айырмашылық бар. Әсіресе көне қолжазбаларда бір сөз ғана емес, тұтасымен сөйлемдер алынып тасталған. Енді солардың сырына үңіліп жатырмыз. Қазір осы бағытта екі монографиялық еңбек дайын болып қалды.

- Алдағы жоспарыңызбен де бөлісө кетсөніз...

- Шынымды айтсам, Америкада жүргеніме отыз жылдан асты. Біраз ғылыми жұмыстармен айналысып, мол тәжірибе жинадым. Енді соны Қазақстандағы жас ғалымдармен бөлісіп, соларды ғылымға тәрбиелесем деп ойлаймын. Сондықтан осындағы жоғары оқу орындарымен жақын байланыс орнатуды көзделеп келдім. Бұл ой маған кеше ғана келген жоқ. Осы көктемде Вашингтон университетіне Қазақстанның АҚШ-тағы елшілігінің өкілдері келіп, өз ұсыныстарын айтты. Бір жағынан, сол да қамшы болды.

Бұл сапарымының басты мақсаты да осы. Сондықтан осы тарапта Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Абай, Маңғыстау, Ақтөбе, Атырау облыстарындағы жоғары оқу орындарында болып, ғалымдармен, студенттермен кездесіп, жылы әсер алдым. Астанадағы Л.Н.Гумилев атындағы

Еуразия ұлттық университеті мен Назарбев университетінің ғалымдарымен де пікірлестім. Осында кездесулер Алматыдағы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында да өтті. Мұнда да көптеген тың ой айтылды.

- Біраз өңірді аралапсыз, сонда нені байқадыныз?

- Қазақстанда ғылым саласында көптеген иглікті дүние жасалып жатқанын көрдім. Археологиялық жаңалықтар да барышылық. Әсіресе Сарайшық қаласынан табылған археологиялық жәдігерлер мен зерттеулердің жаңалығы мені таңғалдырыды. Бірақ содан сырт жұрт бейхабар секілді. Қазақстандық ғалымдардың жарыққа шыққан ғылыми кітаптарының таралымы тым аз. Кітапханаға да жетпейді еken. Қазір ғаламторды кеңірек пайдалануға болады. Соған кітаптың электрондық нұсқасын салып қойсаңыз, оны әріптестеріңіз ғана емес, әлем ғалымдары да көріп, оқиды дер едім. Бұл ғылымның өрістеуіне кең жол ашады. Қазақстанның Еуразия көлеміндегі орны үлкен. Оны шетелдік ғалымдар да мойындаиды. Осындағы жас ғалымдармен кездескенде олардың бойынан ғылымға деген ықылас пен ынтаны көріп қуандым. Оттай жанып тұрған жігерлі жастары бар Қазақстанның ғылымы әлі талай биікті бағындырады деп сенемін.

Тағы бір байқағаным, ғылыми конференцияларға жасы үлкен ғалымдарды, профессорларды көбірек шақырады еken. Ал Америкада керісінше, ондай мазмұнды іс-шараларға жас ғалымдарды тәжірибе жинауы үшін жиі тартады.

- Мектепті қытайша оқыпсыз, отыз жылдан бері Америкада тұрасыз, бірақ қазақшаңыз жатық...

- Ол отбасыма, өскен ортама байланысты деп ойлаймын. Экем зиялды адам еді. Қытайдағы көптеген қазақ оқығандарының кітаптарын шығарған. Бірақ өзі қытайша сөйлемегенімен оқи білді. Үйде бәріміз таза қазақша сөйлемдік. Кириллица жазуын мектепке бармай тұрып әкем үйретті. Бала құнімнен «Шалқар» радиосын тыңдал өстім. Қазақстандың көз алдымға қиялыммен келтіріп, қатты көргім келетін. Америкаға барғанда да қазақтығымды ұмытқан емеспін. Америкада әрбір үлт өз тілінде сөйлеуге тырысады. Мысалы, қазақтардың осында орысша шүлдірлеп, ол жақта бір-бірімен қазақша тіл қатысып жүргенін көрдім. Кеше үй ауласында бір-бірімен қазақша сөйлесіп, ойнап жүрген балаларды көріп, біртүрлі кеудемді мақтаныш кернеді. Сіз Қазақстанда тұрғандықтан оны сезінбеуіңіз мүмкін. Ал мен оны жан-жүргіммен сезінімін. Отан деген сөз ыстық. Қазақстан секілді асқақ Отаны бар біз бақыттымыз!

- Әңгіменізге рахмет.

Әңгімелескен

Азамат ЕСЕНЖОЛ